

Презентация

ТАҚЫРЫБЫ : ЕС ЖӘНЕ НАЗАР

ОРЫНДАҒАН : КАРИМКУЛОВ АЙБЕК

- ◎ **Зейін** - адамның психикалық әрекетінің белгілі бір нәрсеге бағытталып шоғырлануы. Адам өмірінде зейіннің алатын орны зор. Әсіресе, таным процесінде, білім алу ісінде маңызы ерекше. Шәкірттің сабақты түсіне қоймауы, есінде дұрыс сақтай алмауы, тапсырманы орындауда қате жіберуі оған дұрыстап зейін қоймаудан болады. Зейін қою, көбінесе, адамның айналысып жатқан іс-әрекетінің сипаты мен маңыздылығына байланысты. Сондай-ақ, ол адамның жеке бас ерекшеліктеріне, оның мүддесіне, талап-тілегіне, мақсат-мұратына, ерік-жігер сапаларына, темпераментіне, мінез бітіміне байланысты болады.

Ес — адамның бұрын көрген, естіген, білген нәрселері мен бейнелерін ойында ұзақ уақыт сақтап, қажет кезінде қайта жаңғырту қабілеті, жүйке жүйесінің негізгі қызметтерінің бірі. Адамның есте сақтау қабілеті үнемі дамып, жетіліп отырады.



Ес түрлері



Ес процестері

```
graph TD; A([Ес процестері]) --- B([Есте қалдыру]); A --- C([Есте сақтау]); A --- D([Қайта жаңғырту]); A --- E([Тану]); A --- F([Ұмыту]);
```

Есте қалдыру

Есте сақтау

Қайта жаңғырту

Тану

Ұмыту

Психикалық белсенділікке қарай

- ◎ **Қозғалыс есі** - еңбек әрекетіне байланысты қимыл-қозғалыстарды есте қалдырып, оны қайта жаңғырту есі;
- ◎ **Сезімдік ес** - бұл адамның басынан өткізген сезімдерін есте қалдыру;
- ◎ **Бейнелі ес** - заттар мен құбылыстардың қасиеттерінің нақты бейнесін есте қалдырып және қайта жаңғырту;
- ◎ **Сөз логикалық ес** - бұл адамның ойының түрлі формаларын есте қалдыруды айтамыз.


Мақсатқа қарай

- ◎ **Ырықты ес** — түрлі мәліметтерді есте сақтауға саналы мақсаттың қойылуы;
- ◎ **Ырықсыз ес** — адамның мақсат қоймай материалды есте сақтауы.


Материалды есте сақтау ұзақтығына қарай

- ◎ Қысқа мерзімді есте қалдыру;
- ◎ Ұзақ мерзімді есте қалдыру (ұзақ мерзімді ес);
- ◎ Оперативті ес - өзімізге керекті материалдарды дер кезінде еске түсіру, есте сақтау және қайта жаңғыртуды айтамыз.

Қандай объектіні болмасын әдейілеп есте
қалдыру үшін мынандай шарттарды орындау
қажет



1. Есте қалдыруда әр кез мақсат қойып отыру
2. Есте қалдырудың қоғамдық, тәжірибелік мәні
адамның қажетіне де байланысты болады



Ұмыту түрліше жағдайларда көрініс табуы мүмкін. Бірде ұмыту объектіні әдейілеп еске түсіруге не тануға мүмкіншіліктің жоқтығынан пайда болады , енді бірде объектіні қате тану, не әдейілеп еске түсіре алмаудан болады.

Ұмыту

- ◎ Ұмыту — бұрын қабылдаған нәрселерді керек кезінде еске түсіре алмау және қайта жаңғырта алмау процессі.
Ұмытудың себептері:
- ◎ Жағымсыз индукцияның әсері.
- ◎ Проактивтік тежелу.
- ◎ Ременисценция — кешіктіріліп еске түсіру.
- ◎ Шектен тыс тежелу.

